

Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарақия аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 09 желтоқсандағы № 332 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қантарда № 2597 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 маусымдағы № 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 06.06.2016 № 166 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандығы № 410 Жарлығына сәйкес, Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Бекқайыровқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дауылбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қарақия ауданы әкімдігінің
"Қарақия аудандық білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Байбосынова Клара Хисарқызы

09 желтоқсан 2014 жыл

Қарақия ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 09 желтоқсандағы
№ 332 қаулысымен бекітілген

Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудан аумағында білім саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 20.10.2015 N 284 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 130300, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Досан Батыр

көшесі, 3.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Қарақия ауданының әкімдігі мемлекет атынан Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

12. Осы Ереже Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудандық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

14. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілермен Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

аудан аумағындағы білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және балалар мен жасөспірімдердің білім алудың қамтамасыз ету.

16. Міндеттері:

1) білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарының, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім берудің мемлекеттік стандарттарын және басқа нормативтік құжаттарды бақылау жасау;

2) адамның рухани және дене өсуінің мүмкіндіктерін ашу, имандылық пен ғылыми дүниетану негіздерін қалыптастыру жөнінде мектептер, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелердің жұмыстарын үйлестіру, даралық даму үшін жағдай жасап, парасатын байыту;

3) қазақ халқының, сонымен қатар ауданда тұрып жатқан басқа ұлттардың

мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеу үшін жағдай жасау;

4) аудан тұрғындарының толық орта білім алуына тендей мүмкіншілік жасау;

5) ауданының мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарының жағдайына бақылау мен басшылық жасау;

6) директорлар алқасына, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі кәмелетке толмағандардың кеңесіне басшылық жасау;

7) пәндерді тереңдетіп оқытудың, білім берудің жаңартылған мазмұнын оқытудың нұсқаларының бағдарламаларын әзірлеу, бекіту;

8) білім беру мекемелерінің материалдық базасын нығайту, оларды жөндеу, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, 9-11 сынып оқушыларын жұмысқа орналастыру;

9) мектептерді оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

10) мұғалімдердің әдістемелік шеберлік деңгейін көтеру, қайта даярлау курстарынан өткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

11) оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде озат педагогикалық тәжірибелерді енгізу және тарату жөніндегі жұмыс;

12) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мұddeлерін қорғау;

13) кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

17. Функциялары:

1) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастырады;

2) жергілікті бағыныстағы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне ұдайы бақылау жасауды ұйымдастырады;

3) білім беру саласындағы орталық атқарушы органның нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізеді және педагогикалық қызметкерлерге біліктілік санаттарын береді;

4) жергілікті бюджеттен қаржыландыратын орта білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқу, мемлекеттік ұйымдардың және кәсіпорындардың басшыларын тағайындауды және босатады;

5) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, орта және жалпы білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есеп беріп отырады;

6) аймақтық деңгейде педагог кадрларды қайта даярлау және олардың

біліктілігін арттыруға ықпал жасайды;

7) білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

8) білім беру мекемелерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;

9) жергілікті маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

10) ведомствоның бағынышты ұйымдарды белгілеген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды жүзеге асырады;

11) білім берудің мұддесін аудан әкімі мен облыстық білім басқармасына ұсынады және қорғайды;

12) ауданның білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлейді, аудан әкімінің білім беру саласындағы шешімдері мен өкімдерінің және аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындайды;

13) аудан әкімінің және облыстық білім басқармасының шешімдерін іске асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

14) білім беру мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, кеңестер өткізеді, аудандық және облыстық деңгейдегі комиссиялар жұмысына қатысады;

15) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін белгіленген тәртіппен қарайды, жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдайды;

16) әр түрлі деңгейдегі гранттарды инвестициялауға және қатысу құқығына ие;

17) ата-аналық құқықтарын асыруға немесе шектеуге, ата-аналық құқықтарын қалпына келтіруге, бала асырап алуды тоқтатуға немесе жарамсыз деп тануға байланысты істерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексіне сәйкес басқа істерді қараған кезде сотқа қатысу;

18) балаға немесе оның денсаулығына қауіп төнген жағдайда жергілікті атқарушы органдың шешімі негізінде сот шешімі қабылданғанға дейін ата-аналарынан немесе өзге тұлғалардан баланы деруға алып қоюды жүзеге асыру ;

19) егер қорғаншылардың немесе қамқоршылардың қамқорлыққа алынушылардың заңды мұдделерін білдіру бойынша әрекеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қамқорлыққа алынушылардың мұдделеріне қайшы келетін болса, қорғаншылар немесе қамқоршылар қамқорлыққа алынушылардың заңды мұдделерін қорғауды жүзеге асырмайтын болса, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы, патронаттық тәрбиедегі, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған арналған ұйымдардағы балалардың заңды мұдделерін кез-келген адамдарға қатысты (оның ішінде

соттарда) білдіру;

20) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, өмірде қыын жағдайға душар болған балаларды анықтау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

21) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатысты мәселелер бойынша ата-аналар арасындағы келіспеушіліктерді шешу;

22) қорғаншылық және қамқоршылық бойынша даулы мәселелер мен (немесе) конфліктілі жағдайларды шешу үшін, білім бөлімінің жанында коллегиалдық орган – қорғаншылық және қамқоршылық бойынша кеңес құрылады, оның құрамы аудан әкімдігінің қаулысымен бекітіледі;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге іс-қимылдарды жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) ауданың жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан ұйымдардан, мекемелерден және кәсіпорындардан бөлімге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және басқа материалдарды сұрап алуға;

2) бөлімнің құзыретіндегі мәселелер бойынша ведомствоның бағыныштағы ұйымдардың жұмысына әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, білім саласындағы заңнамаларды қолданылуы бойынша түсініктеме беруге;

3) қолданыстағы заңнамаларды бұзған білім ұйымдарының басшыларын заңмен белгіленген тәртіптік жауапқа тартуға;

4) бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан әкімдігінің алқа отырыстарына, жиналыстарына қатысуға және ұсыныстар беруге;

5) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізу, олардың міндетті орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастыру;

6) мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының жүйесін дамытудың жоспарларын әзірлеу, олардың мұддесін мемлекеттік басқару органдарында қорғау және мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларын орындауын жүзеге асыру;

8) кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау мәселелерін шешу, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуының алдын алу бойынша жұмысын ұйымдастыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

21. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы орынбасарының лауазымы қарастырылмаған.

22. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік органның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) барлық органдарда мемлекеттік органның мұддесін қорғайды;
- 3) сектор менгерушісінің және басқа да қызметкерлерінің құзырын белгілейді ;
- 4) мемлекеттік органның мүлкіне қожалық етеді, келісім жасайды, сенімхаттар береді;
- 5) банкте есеп шоттар ашады;
- 6) барлық қызметкерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;
- 7) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
- 8) қызметкерлерді марапаттайды және тәртіптік шаралар қолданады;
- 9) мекеменің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 10) заңда белгіленген тәртіппен бағынысындағы ұйымдарының басшыларын, әдіскерлерді қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;
- 11) сыйайлас құқық бұзушылықтарға қарсы қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты;
- 12) заңдылықпен және осы Ережемен жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

23. Бірінші басшы сектор менгерушісінің өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы білім беру мекемелерінің тізбесі:

- 1) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту орталығы" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Қарақия аудандық үйлестіру орталығы" мемлекеттік мекемесі;
- 3) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Құрық селосының № 1 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Қарақия аудандық білім бөлімінің "Қарақия ауданының № 2 бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 5) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Жетібай кентінің № 3 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 6) Қарақия аудандық білім бөлімінің "№ 4 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 7) Қарақия аудандық білім бөлімі "Мұнайшы селосының № 5 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 8) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Құрық селосының № 6 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 9) Қарақия аудандық білім бөлімінің "№ 7 орта мектеп" мемлекеттік мекемесі

;

- 10) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Жетібай селосының № 8 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 11) Қарақия аудандық білім бөлімінің "№ 9 бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 12) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Болашақ округіндегі № 10 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 13) Қарақия аудандық білім бөлімінің "Құрық орта мектеп-гимназиясы" мемлекеттік мекемесі;
- 14) Қарақия аудандық білім бөлімі "Қашаған Күржіманұлы атындағы орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 15) Қарақия аудандық білім бөлімі "Құланды орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 16) Қарақия аудандық білім бөлімі "Аққұдық орталau орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 17) Қарақия аудандық білім бөлімі "Қарақұдық орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 18) Қарақия ауданы әкімдігінің "№ 3 кешкі сырттай жұмысшы жастар орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 19) "Құрық балалар өнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 20) "Ө.Қалманбетұлы атындағы Жетібай балалар өнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.